




**ЦСКА-ДАН
КЕТЕТІНІМДІ
АЛДЫН-АЛА
БІЛДІМ**

→3



**АРҒЫМАҚ
АЛПЫС
НЕМЕСЕ АЛТЫ
ОЛИМПИДАНЫҢ
КУӘГЕРІ**

→5



**ЖҮГІРУДІҢ
АРҚАСЫНДА
АМАН
ҚАЛДЫМ**

→12

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№26-28 (5379)
16 шілде 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

РЫБАКИНА УИМБЛДОНДА ТОП ЖАРДЫ

ҚАЗАҚ СПОРТЫНДА
ЖАҢА БЕЛЕС.
ӘЛЕМДЕГІ
ЭЛИТАЛЫҚ
СПОРТТЫҢ БІРІ
САНАЛАТЫН
ТЕННИСТЕН
«ҮЛКЕН ДУЛЫҒА»
САНАТЫНДАҒЫ
ТӨРТ ТУРНИРДІҢ
БІРЕУІНДЕ
ОТАНДАСЫМЫЗ
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.
НАҚТЫРАК
АЙТҚАНДА,
ЖЫЛ САЙЫН
МАУСЫМНЫҢ СОҢЫ
МЕН ШІЛДЕНІҢ
АЛҒАШҚЫ
ОНКҮНДІГІНДЕ
ӨТЕТІН
«УИМБЛДОН»
ТУРНИРИНІҢ
ӘЙЕЛДЕР
АРАСЫНДАҒЫ
ЖЕКЕЛЕЙ СЫНЫНДА
ЕЛЕНА РЫБАКИНА
ТОП ЖАРДЫ.

→8



CENTRE COURT
100

2022

2019 G. WILSON
2021 A. GARY
2022 E. RYBAKINA



Григорий БАБАЯН,
ФУТБОЛ БАПКЕРІ:

ЦСКА-ДАН КЕТЕТІНІМДІ АЛДЫН-АЛА БІЛДІМ

БІР МАУСЫМ БОЙЫ МӘСКЕУДІҢ ЦСКА ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН ГРИГОРИЙ БАБАЯН ЕЛГЕ ОРАЛДЫ. ОЛ ҚАЗІР ТУҒАН ЖЕРІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА. БІР КЕЗДЕРІ «АСТАНА», «ТОБЫЛ» КЛУБТАРЫМЕН, ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕН МАМАННЫҢ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫН БІЛДІК.

– Мәскеудің ЦСКА клубынан 18 маусымда кеттіңіз. Қазір немен айналысып жүрсіз?

– Қазір Алматыда отбасымның қасындамын. Бір жылдың ішінде үйдегі жұмыс жиналып қалды. Соңғы 12-15 жылда алғаш рет жазда демалып жатырмын. Әйтпесе Қазақстан чемпионаты көктемде басталып, қыста аяқталады. Сондықтан жазда демалудың реті келмейтін.

Тағылымдамадан өтуді жоспарлап отырмын. Осы мақсатта әртүрлі нұсқаларды қарап жатырмын. Өзімнің бапкер ретінде жетілуімді ойлаймын.

– Тағылымдамадан қай жақтан өткізіс келеді?

– Еуропаға барамын. Бірінші кезекте бұрын бармаған елдерді көргім келеді. Мұндай іс-сапарға жол түскенде тек футбол тұрғысынан ғана емес, жаттығу процесі, ойыншыларға жасалған жағдай, клубтың, технологияны пайдалану ерекшеліктеріне де мән беремін.

Соңғы рет Севильяда болғанмын. Онда бір апта аялдап, «Севилья» мен «Бетис» командаларының жаттығуын тамашалағанмын. Осы дербидің ойынына куә болдым. Сол кезде «Севильяның» 10 мың жанкүйері жиналды. Оны естіген «Бетис» жанкүйерлері де қарап қалмады. Кешке стадионға 30 мың адам келді. Бұл мені қуантты. Оның үстіне өздік белсенді жанкүйерлердің қасында секторда отырып, нағыз атмосфераны сезіне алдым.

Лондонның «Арсеналына» да жол түскен. Бірақ мұны тағылымдама деп айта алмаймын. Екі аптаның ішінде клубтың базасымен танысып, физиотерапевт, фитнес-жаттықтырушылары қалай жұмыс істейтінін көрдім.

Осымен тоқтап қалғым келмейді. Әрі қарай даму керек. Футбол бір орында тұрмайды. Біз әзірге еуропалық елдерден қалып келеміз. Уақытпен бірге аяқтан тұруымыз қажет. Дәл қазір тағылымдамадан өтуден басқа жол жоқ. Испания, Италия, Германияға барып көрдім. Енді мүмкіндік болса, Франция дұрыс деп отырмын.

– Қай бапкер көңіліңізден шықты?

– Маған Стефано Пиолимен сөйлескен ұнады. Ол сол кезде «Лацио» клубын жаттықтыратын. Бұл осыдан 3-4 жыл бұрын. Өте ашық адам. Футболды түсінуі, идеялары керемет. Психология жағынан да өзін дамыта түскен. Команда құрамында 25 ойыншы болады. Соның бәрі ренжімей, өз мүмкіндігін күте алу керек. Пиолидың қолынан осы жұмыс келді.

– Тағылымдамадан бөлек, қандай кәсіби жоспарыңыз бар? Клубтар тарапынан ұсыныстар түсіп жатыр ма?

– Уәде етіп, сөйлесіп жатқандар бар. Алайда әзірге нақты шешім қабылдауға келген жоқпыз.

– Тағы бір мәрте біреуге көмекші болуға дайынсыз ба?

– Қайдам. Егер атақты команда

болса ойланар едім. Ал қазір жеке жұмыс істейтін уақыт келді.

– ЦСКА клубынан ұсыныс қалай түсті?

– 2021 жылдың қаңтарында тағылымдамадан өту үшін Кампоамордағы оқу-жаттығу жиынына барғанмын. Ол кезде бас бапкер Виктор Гончаренко болды. Командамен толық танысып, 7 күн сонда болдым. Мені барлық жерге кіргізді. Тактикалық жаттығулар, теориялық сабақтар барлығына кіргізді. Жақсы тәжірибе болды. Көңілімнен шықты. Басшылықпен де сол кезде танысқанмын.

– Ал нақты ұсыныс қашан жасалды?

– Маусым айының бас кезі болатын. Бас бапкер ретінде Олич жүрді. Чемпионат аяқталған. Маған хабарласқанда «Тобыл» клубының басшылығымен сөйлесейін деп айттым. Сосын ЦСКА-дан «Григорийді жіберуді өтінеміз. Бірге жұмыс істеп тәжірибе алмасу жағынан әріптестік орнатамыз», деген хат келді. Үш күннен соң «Астанамен» маңызды ойын бар еді. Сол матчқа дейін кететінімді айтпаймыз деп шештік. Матчтан кейін бірден Мәскеуге ұшуым керек. Командамен қоштасатын уақыт жоқ. Қатты уайымдадым, бірақ басқаларға көрсетпеуге тырыстым. Өйткені дәл осы команданы жинаған мен едім. Арқамда үлкен жүк тұрды. Футболшыларды орта жолда тастап кеткендей болдым. «Астанамен» тең түстік. Матчтан соң жігіттерге кететінімді айттым. Бұл киім шешетін бөлмедегі өте қиынға соққан 15 минут болды.

– ЦСКА бірден ассистент ретінде шақырды ма?

– Иә. Өңгіме былай болды: «Бастапқы кезеңде сізді ассистент ретінде шақырамыз. Бізге көрегендігіңіз, философияңыз ұнайды». Сонымен келістім.

– Ал кететініңізді қашан білдіңіз?

– Қыста сондай ой болған. Енді алға жылжу керектігін сездім.



“ Маусым айының бас кезі болатын. Бас бапкер ретінде Олич жүрді. Чемпионат аяқталған. Маған хабарласқанда «Тобыл» клубының басшылығымен сөйлесейін деп айттым. Сосын ЦСКА-дан «Григорийді жіберуді өтінеміз. Бірге жұмыс істеп тәжірибе алмасу жағынан әріптестік орнатамыз», деген хат келді. Үш күннен соң «Астанамен» маңызды ойын бар еді. Сол матчқа дейін кететінімді айтпаймыз деп шештік. Матчтан кейін бірден Мәскеуге ұшуым керек. Командамен қоштасатын уақыт жоқ. Қатты уайымдадым, бірақ басқаларға көрсетпеуге тырыстым. Өйткені дәл осы команданы жинаған мен едім. Арқамда үлкен жүк тұрды. Футболшыларды орта жолда тастап кеткендей болдым. «Астанамен» тең түстік. Матчтан соң жігіттерге кететінімді айттым. Бұл киім шешетін бөлмедегі өте қиынға соққан 15 минут болды.

Бұған дейінгі сұхбаттарымда да айтқанмын. Мен көптеген бапкерлердің көмекшісі болып еңбек

еттім. Мысалы, «Астана» клубында ұйымдастыру жағынан дамытуға үлесімді қостым. Ал сол көрген

проблемаларды өзін шешудің жөні мүлдем бөлек. ЦСКА клубында таза ассистент болып еңбек еттім. Бір мәселе көрсен, оны басқаларға айтуың керек.

– Енді өзіңізді жарты жылдан кейін қай жерден көргіңіз келеді?

– Үлкен мақсаттар қоятын клубта жұмыс ітеуді қалаймын. Маған сол жағы маңызды. Егер жай ғана маусымда ойнап шығатын клуб болса, ешқандай қысымды көрмейсің. Ал тығырықтан жол тауып, жоғары орындарға таласқан ұнайды.

Бірнеше жыл «Астана» клубында жұмыс істедім. Ол жақта қателесуге қақың жоқ. Бұл психологияны команданың барлық мүшесіне үйретесің. Футболшылар қысымға шыдап, нәтиже көрсетуі тиіс.

Сосын «Біз жақсы ойнадық, бірақ жеңіс бұйырмады деген сөз ұнамайды». Футболшыларға үнемі: «Бұл бәлкім, біздің ең сәтсіз ойынымыз шығар, бірақ жеңуіміз керек» деп айтамын.



СИСИНЬО

КАФУДЫҢ ІЗБАСАРЫ САНАЛҒАН ФУТБОЛШЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

МАДРИДТІҢ «РЕАЛЫ» ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН НЕМЕСЕ БОЛАШАҒЫНАН ҮМІТ КҮТПІРЕТІН БРАЗИЛИЯЛЫҚ ОЙЫНШЫЛАРДЫ ҚАТАРЫНА ҚОСУҒА ҚҰМАР. МЫСАЛЫ, ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ КОРОЛЬДІК КЛУБ САПЫНДА РОДРИГО, МИЛИТАО, ВИНИСУС, КАЗЕМИРО СЕКІЛДІ ОЙЫНШЫЛАР ЖҮР. АЛ ОҒАН ДЕЙІН ДЕ ТАЛАЙ БРАЗИЛИЯЛЫҚ ФУТБОЛШЫЛАР ӨНЕР КӨРСЕТКЕН. МЫСАЛЫ, СОЛАРДЫҢ БІРІ ҚОРҒАУШЫ – СИСИНЬО.

Бірақ бұл талантты ойыншының бар қабілетін толық көрсетуге ішімдік кедергі келтірген. Алкогольге деген құмарлығы түбіне жетті. Мұны футболшының өзі жақындап айтып берді. Көптеген құпияның бетін ашты.

«Мен «Реалда» жүргенде жаттығуға мас күйімде баратынымын. Тыныс алуымды реттеу үшін кофе ішемін, иіс шықпау үшін парфюм себемін. Бұл сол кезде оңай еді. Маған ішімдік алып ішу үшін ақша керек емес еді. Адамдар мейрамханада өздері-ақ қуана-қуана тегін ұсынатын», – деп еске алды бразилиялық.

Ол алкогольге бала кезден құмар болды. Ішімдік спорттық карьерасының быт-шытын шығарып, өмірін де құртты деуге болады. Сисиньо кемі 20 жыл күніне 10 құты сырадан ішкен.



«Бірге жаттығудан қалай бас тартасың?» – деп жазды Сисиньо.

Бразилиялықтың ойын деңгейі «Реалға» сай келді. Бірақ іштей топ-клубқа дайын емес еді. Мадридте қысым көп. Ол жағы айтпаса да түсінікті. Медианың назары, көп ақша, селебрити-достар бар. Бірақ ол үшін бірінші кезекте көңіл көтеру мен алкоголь тұрды.

«Бекхэм, Зидан және Фигу нағыз темірдей тәртіпке бағынған кәсіпқойлар. Ал Роналдо мен Роберто Карлос түнімен көңіл көтеретін. Роналдоньң туған күні есімде. Ол отырысқа қыздарды автобуспен әкелді. Мен әйеліммен жүргендіктен бірден кетіп қалдым», – деген еді кезінде Иван Эльгера.

Мұндай көңілді кештерді Робиньо, Роберто Карлостар қатты ұнататын. Мысалы, таңғы астың орнына сыра, кешке шарап ішетін. Бразилиялық ойыншылар жеке ұшақпен жүретін. Маңызды ойындар жақындаған кезде олар сенбі-жексенбі қалай демалатындарын ойлап тұратын.

Осындай өмір ағыны Сисиньоны Кафудың ізбасары деген аттан айырды. Алкогольге деген құмарлығы карьерасының төменге қарай құлдырауына әсер етті.

Негізі жақсы отбасында өскен. Дегенмен айналасындағы достары осындай жаман әдеттерге жақын болды. Бала кезден темекі мен арақтың айналасында жүрді. Тек оны бұл ортадан алып шыққан таланты еді.

«Алғаш рет алкогольді 13 жасымда іштім. Содан бері тоқтамадым. Жексенбіде клубта және алаңда көңіл көтеретінбіз», – дейді Сисиньо.

Ол ата-анасы мен полицейдің алдында ешқашан ұсталмағанына таңқалады. Мадридтегі папарацитге де түсе қоймаған. Журналистер бразилиялық ойыншыны бір рет қана мас күйінде көрген.

«Мадридке келгенімде басым айналды. Жетімдігім күн санап өсе бастады. Барлығына

ие болғым келді. Барға келіп, даяшыға барлық ішімдікті әкел деп айтатынымын. Сосын барлығын ішуге тырысатынымын», – дейді Сисиньо.

Жоаның осыдан соң көп нәрсеге құлқы болмайды. Ішімдік ішіп жүріп, негізгі құрамда ойнайды. Бас бапкер бұл туралы білмейді. Ұстатпай жүргеніне мәз. 2006 жылғы әлем чемпионатында 36 жастағы Кафудың көлеңкесінде қалуы да көңіл күйін түсірген жоқ.

«Роналдо, Карлос, Зиданармен танысып, кейін әлем чемпионатына шақырту алғанда «Жетімдіктің шыңына жеттім. Енді басқа не ойлауға болады?» деген ой келді. Өмірге деген көзқарасым өзгерді. Ләззат алып, демалатын кез келді деп ойладым. Барлығын жеңдім деп жүрдім. Егер Зиданар секілді кәсіби маман болғанымда ұлттық құрамда негізгі құрамға таласар едім. Бірақ мен беріліп қойдым», – дейді Сисиньо.

Ол 2006 жылдан кейін ұлттық құрамаға шақырылған жоқ.

ҮШ РЕТ ТІЗЕ ЖАРАҚАТЫН АЛДЫ

Мадридтегі көңілді кештер тізе жарақатымен аяқталды. Бразилиялық алты айдан соң қатарға қосылды. Бірақ ол тұста негізгі құрамда орын болған жоқ. Оң қапталда Серхио Рамос пен Сальгадо ойнап жүрді. Сисиньо тіпті Икер Касильястың әдейі Мичель Сальгадоға вице-капитандықты ұсынғанын іштей сезді. Өйткені сол кезде алаңға жиі шығатын болады.

Командадағы бразилиялықтар мен испаниялықтар арасында жік шыға бастады. Латын Америкасынан келген испандар қызғанады деп санады.

«Роналдо бір рет сәтсіз ойын көрсеткен. Сол кезде журналистер Рауль Роналдодан алдақайда мықты деп жазды. Раульге Роналдоға жету үшін өмірге үш рет қайта келу керек», – деді Жоао.

Ол тек сырамен шектелмеді. Ішімдіктің түр-түріне әуес болды. Ал сыраны күнделікті шелектеп ішу қалыпты жағдайға айналады.

«Мен кешке ғана емес, кез келген уақытта іше беретінмін. 20 жыл бойы күніне 10 бөтелке сыраны тауысып тастайтынымын, – деп еске алады Сисиньо.

Кейін футболшы Мадридке керек болмай қалды. Сосын Италия чемпионатына ауысты. Римнің атақты командасы «Романың» жейдесін киді. Алғашында бәрі тәуір басталған. Қанша

көп ішсе де, негізгі құрамда ойнап жүрді. Бірақ жарақат барлығының құл-талқанын шығарды. 2009 жылы қорғаушы тағы да оң жақ тізесінен жарақат алады.

«Дәрігер бұдан кейін ойнай алмайтынымды айтты. Бұл жағдай көп нәрсені ой елегінен өткізуге итермеледі», – дейді Сисиньо.

Бұл кезде жасы 29-да болса да, ата-анасынан алкогольге деген жақындығын жасырған.

Жарақатынан емделу үшін Бразилияға барды. Таңғы физиопроцедурадан кейін бірден ішімдікке жүгіретін. Футболшы шулы кештерді сағынды. Бірде анасының туған күніне 200 адам жиналады. Оның жартысын өзі де танымайтын болып шығады. Өйткені олар бөтелкелес достары еді.

Сисиньо ішімдіктен бөлек, темекіге де әуес болды. Мұндай әуестік «Ботафого» клубынан бері қалыптасқан. Футболшы негізі ішкенде ғана шегетін. Ал күніне көп ішкендіктен темекінің де біразын тартып үлгереді. Күніне екі қорап темекіні оп-оңай тауысағын. Сосын кейін есірткіге де қызығушылығы артады. Бірақ өз-өзін тоқтады. Өйткені есірткіге жоласа, допингпен ұсталатынын білді. Ол сол кезде карьерасын аяқтағысы келген жоқ.

ӨЗ-ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНІМ МЕН МАХАББАТ ҚҰТҚАРДЫ

Римде ол жақсы жаққа қарай өзгерді. Достарымен қыдырып жүргенде Марри есімді қызбен танысады. Марриге Сисиньоның ішімдікке әуестігі ұнамайды. Сөйтіп қалыпты өмірге оралтып, алкогольге деген құмарлығын тоқтатады. Футболшы 10 жылдан бері аузына татып алмайды. Сосын дінге деген сауаты ашылып, құдайға құлшылық ететін болған.

«Сыраны кезінде жәшіктеп іштім. Ал кейін бір күнде бәрін тастап кеттім. Мұндай жан-рақхатын сөзбен айту қиын. Бұрынғы Сисиньо мен қазіргі Сисиньоның айырмашылығы жер мен көктей. Құдаймен кездескенде адам бәрін түсінеді», – дейді футболшы.

Қазір «Реалдың» экс-жұлдызы Бразилияда тұрып жатыр. Ол соң жақта жергілікті тұрғындарға оқу орталығын және ескерткіге әуес жандарға оңалту орталығын ашқан. Сисиньо өзі осындай қиындықтан өтті. Сондықтан мұның зардабын жақсы түсінеді.

Дайындаған Бек ТӨЛЕУ



РЫБАКИНА

УИМБЛДОНДА ТОП ЖАРДЫ

←1

Ресейден, Болгариядан теннисшілер әкелсек те, «Үлкен дулығаның» жекелей сынында бірде-бір спортшымыз жеңімпаз атанбаған. Тек кезінде Ярослав Шведова 2010 жылы АҚШ теннисшісі Ваня Кингпен бірге «Уимблдон» мен US Open турнирінде үздік шыққан. Сосын 2015 жылы «Ролан Гарростың» финалында өнер көрсетті. Ал «Үлкен дулыға» бәсекелерінің жекелей сындарында Ярослава Шведова (2010, 2012) мен Юлия Путинцева (2016, 2018) екі мәрте және Елена Рыбакина (2021) бір рет ширек финалға дейін жеткен. Барымыз осы. Енді, міне, тарихтың жаңа парағы жазылды.

23 жастағы әлемнің 23-ракеткасы Рыбакина Лондон қортында жолына кездескеннің бәрін тізе бүктірді. Алдымен мұхиттың арғы жағынан келген Коко Вандевегеннен (7:6, 7:5) басым түсті. Одан кейін Бьянка Андрееску (6:4, 7:6), Чжэн Циньвэнь (7:6, 7:5), Петра Марич (7:5, 6:3) секілді теннисшілердің осал тұсын тапты. Ширек финалда австралиялық Айла Томляновичті үш сетте жеңді – 4:6, 6:2, 6:3. Осылайша Елена Қазақстанның теннисшілері арасынан алғаш болып «Үлкен дулыға» санатындағы жарыстың жартылай финалында күш сынасу құрметіне ие болды.

Жерлесіміз финалдың жолдамасын әлемнің экс-бірінші ракеткасы, тәжірибелі румын қызы Симона Халеппен сарапқа салды. Рыбакинамен салыстырғанда Халеп «Үлкен дулыға» турнирлерінде екі мәрте жеңістің дәмін татқан. Бұған дейін 2018 жылы «Ролан Гарроста», 2019 жылы «Уимблдонда» үздік шыққан.

Осы жолы Елена өзінің мықтылығын мойындатты. Қарсыласына қарағанда қортта жылдамдық қимылдап, шұғыл шешім қабылдай білген қазақстандық теннисші Халепті әбден састырды. Симона оның тегеурініне шыдай алған жоқ. Нәтижесінде жерлесіміз 6:3, 6:3 есебімен жеңіске жетіп, финалға шықты.

Шешуші кезеңде әлемнің екінші ракеткасы тунистік Онс Жабермен жолы түйісті. Үш сетке созылған бәсекеде психологиялық тұрғыдан басымдық танытқан Еленаның бағы жанды. Сөйтіп Орталық Азия елдерінен шыққан алғашқы чемпион атанды.

Осы жеңісі үшін теннисші 2 миллион фунтқа (1 миллиард 152 мың теңге) ие болды. Бірақ оның 50 пайызын Ұлыбританияға салық ретінде төлейді. Енді қалған ақшаны ол қайда жұмсайтынын айтты.

– Бірінші кезекте мен жасөспірім теннисшілерге көмектескім келеді. Табыстың көбі соларға жұмсалады. Сосын мен кезінде үйсіз жануарларды орналастыратын жерге барғанмын. Көңілім босады. Сол себепті жануарларды ұстайтын сондай орындарға ақша бөлгім келеді, – дейді Рыбакина.

Чемпион кейін Қазақстанға оралды. Алдымен елордаға келді. Вице-премьер Ералы Тоғжанов бастаған



шенеуіктер күтіп алды. Сосын Үкімет басшысы Әлихан Смайылов қабылдады. Ол Президенттің жарлығымен спорттағы аса үздік жетістіктері және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін берілген II дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

Чемпион тілшілермен баспасөз мәжілісін өткізуге де уақыт тапты. Бір сағатқа жуық уақытқа созылған жиында біраз маңызды сұрақтар қойылды. Соның негізгілеріне тоқталып өтсек.

– **«Уимблдондағы» сіздің әрбір ойыныңыз әртүрлі болды. Мысалы, финалда бірінші сетте қобалжығаныңыз байқалып тұрды. Есесіне келесі екі сетті оңай жеңдіңіз...**

– Финал оңай болмады. Соңғы екі күнде қатты уайымдадым. Әрине, турнирдің бастапқы кезеңдерінде өзімді жақсы ұстадым. Кейін жеңіске жете бастаған соң, қобалжу басталды. Финалда бірінші сетте өзімнің үздік ойынымды көрсете алмадым. Мұның бәрі эмоциядан деп ойлаймын. Бірақ кейін есімді жиып, дер кезінде жинақтала алғанымға қуаныштымын.

– **Алдағы жоспарыңыз қандай?**
– Америкадағы турнирлерге дайындықты бастау керек. Біз бір жылда өте көп ойын өткіземіз. Демалуға уақыт жоқ. Осы маусымның ең соңғы маңызды жарысы – US Open.

– **Финалдағы соңғы соққыны жасағанда қандай сезімде болдыңыз?**

– Өзім де күтпедім. Егер тікелей эфирден көрсеніз, менің таңғалғанымды байқауға болады. Жалпы, бірнеше жеңістен кейін жоғары жетістікке жетуге болатынын түсіндім. Әйтпесе биылғы маусымда толыққанды дайындала алмағанмын. Жарақат



алғаным бар, арасында ауырдым. «Уимблдонға» ешқандай мақсатсыз бардым. Негізінен Америкадағы турнирлерге дайындаламын деп жүргенмін. Сондықтан таңқалу болды.

– **Уимблдондағы жеңісіңізден кейін ресейлік теннисші Евгений Кафельников «бұл біздің өнім» деп айтты. Бұған не дейсіз?**

– Қазақстанға жасөспірім кезімде ауысып келдім. Сондықтан мұндай кездегі спортшыны дайын өнім деп айтуға болмайды. Оның үстіне жасөспірім категориядан кәсіби деңгейге өту өте қиын. Ол үшін жақсы команда болуы керек. Кәсіби спортқа ауысып, одан әрі сәтті жалғастыру екінің бірінің қолынан келмейді. Санаулы адам ғана шыңға шыға алады. Бұл тұрғыда маған сәтті түсті. Сондықтан дайын өнім дегенмен келіспеймін.

– **Алдағы уақытта Ресейдегі жарыстарға қатысасыз ба?**

– Қазір нақты жауап беру қиын. Меніңше, биыл Ресейде ешқандай турнир өтпейді. Ал менің алдағы уақытта Ресейдегі жарыстарға қатысуыма келсек, барлығы күнтізбеме

байланысты. Барлығы жағдайға байланысты. Дәл қазір «иә» немесе «жоқ» деп нақты жауап айта алмаймын.

– **Теннистен жалыққан, шаршаған кезіңіз болды ма? Сондай сәттерден қалай өттіңіз?**

– Құлдырау кезеңдері болып тұрады. Кейде нәтиже төмендігінен көңілің қалады. Мұндай жағдай осы жылдың басында, сосын былтыр болды. Коронавирус ешкімге оңайға соққан жоқ. Осындай сәтте жақындарымның қолдауы әсер етті. Қолыңнан ештеңе келмегенде бәрін тастап кеткің келуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Сосын күш-жігер тауып, әрі қарай дайындықты жалғастырасың, – деген ол сөзін әрі қарай жалғады. – Әрине, мен Қазақстанның азаматымын. Жалпы, азаматтыққа қатысты сұраққа бұған дейін де жауап бергенмін. Соңғы 2 жыл бойы нақты еш жерде тұрмаймын. Әр апта сайын бір қонақүйден екінші қонақүйге ауысып жүрмін. Одан қалды дайындықта, жарыста жүремін. Сол себепті нақты тұрақты мекенім жоқ.

– **Неліктен Қазақстанды таңдадыңыз?**

– Осыдан бес жыл бұрын менің алдымда үлкен сұрақ тұрды: әрі қарай не істеуім керек? Бұл мәселені шешуім қажет болған. Ол кезде жасым 17-18-де. Кәсіби спортта қаламын немесе оқуымды жалғастырамын. Жасөспірімдер арасындағы жарыстарда жақсы нәтиже көрсеткенім бар, маған Америкада оқуға ұсыныс түсті. Жақсы университетте білім алуға мүмкіндік туды. Көптеген жас спортшылар негізінен осы жолды таңдады. Ал мен басқаша кеттім. Өйткені ересектер арасындағы алғашқы жарысымыда жақсы өнер көрсеттім. Сол кезде Қазақстаннан ұсыныс түсті. Бұл жағынан менің жолым болды. Біз-бірімізді жақсы түсіндік. Қазір барлық жетістік ортақ бірліктің арқасында болып жатыр.

– **«Уимблдон» турниріндегі маңызды шаралардың бірі – чемпиондардың құрметіне жайылатын дастархан мен мерекелік кеш. Сіз Новак Джоковичпен бірге тұрдыңыз. Атақты серб теннисшімен сөйлесе алдыңыз ба? Бәлкім билеген де шығарсыз?**

– Айтпақшы, осы сәтте қатты қобалжыдым. Екеуіміз билеген жоқпыз. Өйткені биді осыдан бес жыл бұрын алып тастаған. Бірақ сөйлесуге мүмкіндік болды. Новак Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов туралы айтты, құттықтады. Өйткені ол бір кездері Қазақстанға келген. Еліміздегі теннис орталықтарына көңілі толатынын жеткізді. Аздап тілдесіп, сосын бірге суретке түстік.

Дайындаған
Бек ТӨЛЕУ



«ЧУВСТВУЕТ СЕБЯ НАСТОЯЩЕЙ КАЗАШКОЙ»

**ТЕННИСИСТКА ИЗ КАЗАХСТАНА
ЕЛЕНА РЫБАКИНА, СТАВШАЯ
ЧЕМПИОНКОЙ УИМБЛДОНА, НА
ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИИ 12 ИЮЛЯ
ОТВЕТИЛА НА ВОПРОСЫ О СВОЕМ
ГРАЖДАНСТВЕ И ПРИЧИНЕ
ВЫБОРА СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА
ДЛЯ ВЫСТУПЛЕНИЯ.**

ОБЪЯСНИЛА ПОЧЕМУ ВЫБРАЛА КАЗАХСТАН

По ее словам, пять лет назад ей нужно было решать, либо пытаться играть и остаться в профессиональном спорте, либо продолжать учебу, — из-за того, что хорошо выступала на юниорских турнирах и «Больших шлемах» и заканчивала третий юниорский год.

«Мне предлагали учиться в Америке очень хорошие университеты. Очень многие юниоры, естественно, выбирают этот путь. Так получилось, что я неплохо сыграла свой первый турнир. Поступило предложение от Казахстана. Мне кажется, это такой момент, где мне очень повезло, совпало по времени. Мы нашли друг друга, и в итоге очень рада, что мое путешествие продолжается именно с Казахстаном. Вся история происходит общими усилиями благодаря Казахстану», — рассказала Рыбакина на пресс-конференции в столице Казахстана.

Она также заявила, что при переходе в сборную Казахстана была юниором и, по ее мнению, «готовым продуктом назвать юниора невозможно».

«Переход из юниоров во взрослую профессиональную карьеру очень сложный. Помимо того, что у тебя должна быть хорошая команда вокруг, не у каждого получается вообще в принципе продолжать на профессиональном уровне, а добиваются вершин единицы. Мне в этом плане очень повезло», — сказала Елена.

Также на пресс-конференции, отвечая на вопрос о своем гражданстве, Елена Рыбакина показала паспорт и удостоверение личности гражданки Казахстана. Ранее, после победы на Уимблдоне, многие российские СМИ писали о причастности к ее победе России, представляя казахстанскую теннисистку как «русскую теннисистку».

Тренер казахстанской теннисистки Елены Рыбакиной Стефано Вуков, комментируя смену гражданства своей подопечной, сказал, что Рыбакина «чувствует себя настоящей казашкой».

Теннисистка из Казахстана Елена Рыбакина стала чемпионкой Уимблдона, одного из престижнейших турниров планеты. 23-я ракетка мира в финале Уимблдонского турнира обыграла Онс Жабер из Туниса, второй номер мирового рейтинга. Поединок на корте длился почти два часа.

Рыбакина стала первой спортсменкой из Казахстана, выигравшей турнир «Большого шлема» в одиночном разряде.

Приз казахстанской спортсменке вручала Кейт Миддлтон, герцогиня Кембриджская.

До выхода в финал Елена Рыбакина одержала победу над Бьянкой Андрееску, Чжэн Циньвэнь, Петрой Мартич, Айлой Томлянович и бывшей первой ракеткой мира Симоной Халеп.

Уроженка России получила гражданство Казахстана в 2018 году. Ее пригласила в Казахстан национальная Федерация тенниса, возглавляемая миллиардером Булатом Утемуратовым, бывшим управляющим делами президента.

Казахстан выделяет средства на тренировки теннисистки, оплачивает работу ее тренера и участие в состязаниях.

После победы на Уимблдоне Елена Рыбакина отказалась от премии Федерации тенниса Казахстана. Она также сказала, что хочет отдать часть призовых денег с Уимблдона на поддержку юниоров в стране.

Между тем Елена Рыбакина объяснила, почему не прилетела в Алматы.

По словам чемпионки Уимблдона, она не смогла прилететь в Алматы из-за плохого самочувствия.

Чемпионка Уимблдона-2022 Елена Рыбакина объяснила, почему в Алматы сегодня не состоится её встреча с болельщиками. Обращение спортсменки опубликовали на сайте Федерации тенниса Казахстана.

Мероприятие пришлось отменить, но Елена Рыбакина пообещала обязательно приехать в Алматы в следующий раз и поблагодарила за поддержку и понимание.

«Сегодня я планировала прилететь к вам, чтобы разделить радость нашей победы на Уимблдоне. К сожалению, физическое переутомление и эмоциональная нагрузка последних дней сказались на моём самочувствии, и я вынуждена взять перерыв на восстановление», — сказала Елена Рыбакина.

ГДЕ МОЖНО УВИДЕТЬ ПОБЕДИТЕЛЬНИЦУ УИМБЛДОНА

В ближайшие две недели на корте Рыбакину мы не увидим. Сейчас у нее очень важный процесс восстановления, как физического, так и морального. В последние дни Елена испытала на себе небывалый уровень популярности и занятости, было



много перелетов и бессонных ночей, пресс-конференций и других массовых мероприятий. Да и две недели на «Уимблдоне» — это не шутки.

Будем надеяться, что лучшая теннисистка страны хорошенько отдохнет и зарядится запасом энергии перед американской серией турниров

В ЧЕМ СЕКРЕТ УСПЕХА КАЗАХСТАНСКОЙ ТЕННИСИСТКИ

Испанский журналист Eurosport Фернандо Мурьерго высказался о победе казахстанской теннисистки Елены Рыбакиной на Уимблдоне.

«Я до сих пор не могу в это поверить. Лихорадка

предсказания будущего в крови у каждого журналиста. В 2021 году я встретился с моим хорошим другом, чтобы обсудить наши прогнозы на новый сезон. В каждой шутке есть доля правды, но тогда я сказал, что в 2022 году Елена Рыбакина выигрывает турнир Большого шлема. Почему я так сказал? Потому что я знал, что она может это сделать. Приятно видеть в Элене то, что, возможно, многие люди не видели. Это награда для тех из нас, кто обычно видит теннисистов дальше турниров Большого шлема, награда за посещение премьеры до того, как остальные увидят фильм в день открытия. У казахстанки уже были все предпосылки: размах рук, безумная подача и холодный настрой. Ее четвертьфинал на «Ролан Гаррос» в

прошлом году был предупреждением, что лучше всего впереди. Ее маленькая революция закончилась тем, что ее руки обняли чемпионский трофей, она сфотографировалась с Новаком Джоковичем и стала первой казахстанкой в истории, выигравшей турнир Большого шлема», — пишет автор в своем материале.

МЕСТО В РЕЙТИНГЕ

Женская теннисная ассоциация (WTA) представила обновленную версию рейтинга спортсменов в одиночном и парном разряде.

Первая ракетка Казахстана Елена Рыбакина, которая на выходных одержала сенсационную победу в финале Уимблдона, осталась на 23-м месте. Это связано с тем, что на прошедшем Уимблдонском турнире не разыгрывались рейтинговые очки из-за отстранения теннисистов из России и Беларуси. Напомним, что в решающем матче Рыбакина была сильнее представительницы Туниса Онс Жабер и в первые в истории Казахстана завоевала титул на турнирах Большого шлема.

Другая казахстанская спортсменка Юлия Путинцева отыграла одну строчку и заняла 32-е место.

Топ-3 «одиночки» составляют Ига Свёнтек (Польша), на второе место поднялась Анетт Контавейт (Эстония), третья — Мария Саккари (Греция).

В парном разряде лидирует бельгийка Элиза Мертенс, за ней в первой тройке располагаются Чжань Шуай из Китая и чешская теннисистка Катерина Синякова.

Казахстанка Анна Данилина в очередной раз побила личный рекорд «даблов», став 19-й. Рыбакина — 63-я (+2).

СТЕФАНО ВУКОВ «ЛЮБЛЮ СВОЮ РАБОТУ»

Личный тренер первой ракетки Казахстана Елены Рыбакиной Стефано Вуков после ее победы в финале Уимблдонского турнира признался в любви к своему делу

«Я люблю этот вид спорта. Я люблю эту работу. Страсть — это определенно то, что привело меня сюда», цитирует хорватского специалиста Твиттер-аккаунт WTA Insider.

Напомним 9 июля Елена Рыбакина обыграла в финале Уимблдонского турнира вторую ракетку мира, представительницу Туниса Онс Жабер со счетом 3:6, 6:2, 6:2 и стала первой из представительниц Казахстана, выигравших турнир Большого шлема в женском одиночном разряде.

«РОССИЯ СЕГОДНЯ ПРОИГРАЛА, КАЗАХСТАН ВЫИГРАЛ»

Известный журналист Бен Ротенберг отреагировал на победу представительницы Казахстана Елены Рыбакиной на Уимблдоне.

